



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Көкөніс бағасы көтерілген

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жұмыс кеңесін өкізпелеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының қазіргі жағдайын талқылады. Бұл туралы Үкімет басшысының баспасөз қызметі хабарлады. Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, ақпан айында ӘМАТ бағасының өсу индексі 1,3 пайызға дейін баяулаған. Сонымен қатар бес тауар түрі, яғни күріш 2,9, жұмыртқа 1,4, ұн 0,8, макарон өнімі 0,4 және қарақұмық 0,2 пайызға төмендеген. Жыл басынан бері көкөніске бағаның маусымдық өсуі байқалуда.



Өңірлерде қордағы өнімдерді сату жұмысы жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков 156,9 мың тонна жалпы көкөніс қорының 53,9 мың тоннасы сатылғанын, қазіргі таңда 92,5 мың тонна көкөніс қоры қалғанын хабарлады.

Оның сөзінше, қоймалардағы картоп қоры 47,6 мың тоннаны, сәбіз 16 мың тоннаны, пияз 14,6 мың тоннаны, қырыққабат 14,1 мың тоннаны құрайды. Бұл қорларды сату жұмыстары жалғасуда.

Вице-премьер нарыққа өнімдерді аз жеткізген, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тиімсіз реттейтін өңірлердің жұмысын сынағанды. Атап айтқанда, елорданың ірі сауда желілерінің бірінде ақпан айында картоп жеткізу кешіктірілген. Осыған байланысты Сауда комитеті мен «ҚТЖ Экспресс» АҚ көмегімен аталған көкөністі жедел жеткізу жұмысы ұйымдастырылған. Серік Жұманғарин басқа өңірлерде мұндай жағдайлардың алдын алу үшін картоп және әлеуметтік маңызы бар өзге де тауарлар қорына тексеріс жүргізуді тапсырды.

Турақтандыру қорларындағы өнімді сату, маусымаралық кезеңнің басталуына байланысты жекелеген аймақтарда импортталған картопты жеткізу басталды. Сонымен қатар аумақтық сауда департаменттері ӘМАТ-қа сауда үстемесін бақылау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Жыл басынан бері және 27 ақпандағы жағдай бойынша 842 сауда нысаны сауда үстемесін асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Тапсырма тиянақты орындалуы тиіс

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен бюджет қаржысының игерілуі, құрылыс нысандарындағы жұмыс қарқыны, коммуналдық қызметтердің көрсетілуі, санитарлық тазалық пен абаттандыру мәселелері, осыған дейін берілген тапсырмалардың орындалуы талқыланды. Облыс әкімі баспасөз қызметінің таратқан ақпаратына сүйенсек, аталған жиынға қала, аудан әкімдері және жауапты сала басшылары қатысты.

– Бюджет қаражатын тиімді игеріп, нақты бағыттарға жұмсау қажет. Мен бұған дейін де үнемі ескертіп келемін, құрылыс нысандарындағы жұмысты бақылауға алыңыздар. Мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болып, құрылыстың басына барып тексеріңіздер. Жаңа нысан пайдалануға берілместен бұрын кемшіліктер жөндеуі керек. Бірінші әрі басты талап – сапа, сосын жұмыс мерзімінде аяқталуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы құрылысы жүріп жатқан әр нысанның сәулеті мен келбетіне баса мән беру керектігін қатаң ескертті. Сондай-ақ ол алдағы мереке күндері коммуналдық қызметтер үздіксіз жұмыс істеуі қажеттігін қаперге салды. Тұтынушыларға жарық, жылу, су беруде, жолаушылар тасымалында ешқандай мәселе туындамауын қадағалау жауапты азаматтарға жүктелді.

Бүгінде аймақта «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы жалғасуда. Осы ретте аймақ басшысы тазалық жұмыстарын күнделікті әрі уақытылы жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар жиында межелі көрсеткішке қол жетпеген жағдайда жауапкершілік бірінші басшылардан сұралатыны ескертілді.

«ЖЖ» ақпарат

Құрмет

Алғысқа бөленген күн



1 наурыз – Алғыс айту күні. Талай тағдырды өз шаңырағының астына біріктіріп, қамқорлығына алған қазақ елі 2016 жылдан бастап жалпы халықтық сипатта бұл мерекені тойлай бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алғыс айту мейрамы – өзара құрмет пен сенімнің, мейірім мен ізгіліктің, бірліктің мерекесі. Тәуелсіздік кезеңіндегі табыстарға береке-бірліктің арқасында ғана қол жеткіздік. Бұл – егемен еліміздің баға жетпес байлығы» деп мерекенің маңызын атап өтті.

Осы ретте көктемнің алғашқы күнімен қатар келген мереке «Руханият» орталығында аталып өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов мерекенің маңыздылығына тоқталды. Кездесуге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын Жұлдыз» бен «Отан» орденінің иегері Имамзада Шағыртаев арнайы қатысып, аудан тұрғындарын мерекемен құттықтады.

– Бұл мереке – құтты қоныс, қасиетті мекенімізді маңдай терімен түлеткен текті елге тағзым етіп, алғыс білдіретін күн. Бүгінгі мерекеде аудан экономикасы мен мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосып, туған жерді көркейтіп, күршітен тау тұрғызған, төрт түліктен мыңды өрліген, кесібін деңгелентіп, берекелі тірлік кешіп жатқан аудан тұрғындарына

шынайы алғысымды білдіремін, – деді аудан басшысы.

Жергілікті жұртты алғыс айту күні мерекесімен құттықтаған ол ауданымыздың өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген әр сала мамандарын арнайы алғыс хатпен марапаттады.

Расында, бұл мерекеде ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық пен ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптеліп, кішінің үлкенге, баланың өкеге, анаға, шәкірттің ұстазға, барша қазақстандықтардың бір-біріне алғыс айтар дәстүрі қалыптасты. Шын мәнінде мереке алғыс айтумен ғана шектелмейді. Ұлт тарихы мен мемлекеттің жүріп өткен жолы жаңғырып, жас ұрпаққа өнеге етіп айтылады. Бір-бірімізге деген құрметіміз бен сыйластығымыз

артып, тұтастығымыз нығаюда. Тәуелсіздігімізбен бірге өмірімізге енген атаулы күннің әрбіріміз үшін маңызы зор. Бұл – құтты қоныс, қасиетті мекенімізді маңдай терімен түлеткен текті елге тағзым етіп, алғыс білдіретін күн. Қазақтың даласы қандай кең болса, жүрегі мен пейілі де сондай дархан. Үнемі көңілінен шуақ шашып тұратын халқымыздың жақында да, жатқа да достық құшағы әрдайым ашық.

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген мереке қарсаңында аудандағы өзге этнос өкілдері қиын-қыстау кезеңде құшақ жая қарсы алған кеңпейіл қазақ еліне алғысын жаудырды.

– Бұл мерекенің мен үшін маңызы зор. Мереке қарсаңында ең алдымен қазақ жеріне, қазақ халқына басымды иіп, шексіз алғысымды айтамын.

Себебі қазақ – қандай заман болсын, ешкімді ұлтқа бөлмей, соңғы нанымен бөлісетін халық. Тағдыр тәлкегіне түсіп, жан сауғалап келген қаншама өзге ұлт өкіліне пана болды. Оны өзіміздің ата-анамның тарихынан білемін. Мен шешен ұлтының өкілімін. 1944 жылы біздің ата-анамыз осы елді паналап келгенде қазақ бауырларымыз құшағын айқара ашып, бауырына басты. Сол үшін де қашанда қазақ халқын құрметтеп, шексіз алғысымды білдіремін, – деді Айзан Шәріпова.

«Алтын алма, алғыс ал», алғыспенен ер көгерер» деген сынды тәрбиелік мәні зор ұғымдармен баласын үнемі үлкенді құрметтеуге, алғысын, батасын алуға тәрбиелеген халқымыз мерекенің маңыздылығын сезініп, көтеріңкі көңіл-күйде бір-біріне алғыс жаудырды.

Аудан әкімі айтқандай, қазақ халқы ұрпағын үлкенді құрметтеуге, үлкеннен бата алып, алғысқа бөлену тәрбиелеген. Сондықтан қиналғанда демей болып, қуанышымызды бөлісіп, бір-бірімізге шынайы алғысымызды айта жүрейік.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Бағдарлама игілігі

Тәттілер пісірудің шебері



«Ауыл аманаты» жобасы іске қосылғалы ауданға қарасты елді мекендерде кәсіппен айналысқысы келетін жастар қатары артқан. Жалпы өңірде кәсіпкерлік саласында қарқын бар. Кент және ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өткен жылдың желтоқсан айында 43 млн теңгені құрайтын 10 жоба мақұлданып, қаңтар айының басында толық қаржыландырылған.

«Ауыл аманаты» жобасының негізгі мақсаты ауыл тұрғындарының кәсібін дамытып, көкжиегін кеңейтуге ықпал ету болып табылады. Жобаның игілігін көріп, кәсіп бастағандардың бірі – Еңбек ауылының тұрғыны Ақерке Жылқайдар. Ол былтыр аталған жобаға құжат тапсырып, жыл басында қаржылай қолдауға ие болған.

Өткен аптада үйінің ауласынан «Ақерке тәттілері» атты шағын кондитер өнімінің ашылу салтанатына куә болдық. Оған ауыл әкімі мен жергілікті тұрғындар, туысқандары мен көршілес аудандағы ағайындары келіп батасын берді.

Ең алдымен аулы әкімі Бахытберген Балханов кейіпкеріміздің кәсібін береке тілеп, елді мекенде «Ауыл аманаты» жобасы аясында ашылып жатқан бірінші шағын цех екенін тілге тиек етті.

«Әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» демекші, үй шаруасы, келіндік қызметімен қоса кондитерлік кәсібін деңгелентіп отырған Ақерке Жылқайдар жан-жақты еңбек етуде. Шағын орталық лентасы қиылғаннан кейін кәсіпкер келіншекті өңімге тартып, кәсібінің қыр-сырымен таныстық. Ерте жастан асханаға жақын

болған Ақерке анасына қолғабыс ете жүріп, түрлі тәтті пісіріп, дастарқан жасауды жақсы меңгерген.

– Тәтті пісіруге бала күнімнен әуеспін. Ең алғаш кәсібімді оқушы кезімнен бастағанмын. Яғни үйден түрлі тәттілер пісіріп мектепке апарып достарыма сататынымын. Алғаш пісірген тәттілерім «зебра пирог», «бәліш», «кекс». Ол кезде қазірдей интернет желісі дамымаған. Газет-журналдарға шығатын тәттілердің құрамын жазып алып дайындайтынмын. Кейін «в контакте» әлеуметтік желісіндегі «Асхана» деген топқа тіркеліп, бірнеше тәттінің құрамын сол жақтан көру арқылы жасап үйрендім, – дейді Ақерке аяғынан жарылып.

Кейіпкеріміз білікті мамандардан ешқандай арнайы оқу немесе курс оқымаған. Тәтті пісіруді интернет желісі арқылы ютубтан көріп, үйде даярлап үйренген. Ол сұхбат барысында студенттік шақта уақытша тәттілер пісіруден қол үзіп, кейін тұрмыс құрғанда қайта қолған алғанын айтты. Сөзінше, өнесі де тәтті пісірумен айналысады. Абысын, қайын апаларының кондитер кәсібі бар. Тәтті пісіруге деген қызығушылығы қайта оянган жас кәсіпкер білмегенін өнесі мен жақындарынан үйрену арқылы кәсібін

бастауға ниет еткен. Бүгінде оның үйінің бір бөлмесін шағын цех қылып кәсіп жүргізгеніне 6 жыл болған. Енесі мен жолдасы қолдап, қолынан келетін іспен кәсіп бастауға ниет еткен кейіпкеріміз былтыр тамыз айында «Ауыл аманаты» жобасына құжат тапсырып, қаңтар айында 4 млн 250 мың теңге қаржыға ие болған.

– Қаражат қолыма тие салысымен төрт пісіруге қажетті құрал-жабдықтар, миксерлер мен үлкен пеш, торт сақтауға арналған тоназытқыш сатып алдым. Көп нәрсені өнем мен қайынапам, абысымын үйретті. Солардың кондитер кәсібін барып, түрлі тәттілердің құрамымен таныстым. Бүгінгі маңызды күнде де мені қолдап, кәсібімнің лентасын қиған апама Ақгүлге алғысым шексіз. Оның көсібі Жаңақорған ауданында, «Ақгүл тәттілері» деп аталады. «Кәсіп бастаймын» деген күннен бастап қасыма болып, бар қолдауын көрсеткен отбасыма алғысым шексіз. Сол кісілердің арқасында бүгін үйімздің ауласынан шағын 2 бөлмелі цехымыз ашылып, кәсібім алға басқалы тұр, – дейді ол бізбен өңгімесінде.

Ақеркенің кондитерлік өнімдері қатарынан түрлі тәтті торттарды атап айтсақ, «Қызыл бархыт», «Вуппи пай», «Сүтті қыз», «Микс» торт, бәліш пен самса, тәтті тоқаштарды таба аласыз. Ол мерекелік туған күн кештері мен қатар тойларға да тапсырыс қабылдайды. Бүгінде оның тәттілеріне сұраныс жоғары. Ауыл көлемін айтағанда, Ақеркенің өнімдеріне көршілес ауылдар мен қатар облыс орталығынан да жиі

тапсырыс түсіп жатады. Яғни халықта сұраныс, ал кәсіпкерде ынта-жігер бар.

– «Ақерке тәттілерінің» өнімі – менің үйімдегі әр қуаныштың ажарын ашатын, дастарханымың көркін келтіретін ерекше дәм. Әр тапсырыс берген сайын сапасы өзгермей, үнемі тіл үйретіндей дәмімен қуантады. Ақеркемен бала кезден доспыз, бір мектепте, бір сыныпта оқыдық. Ол кішкентай кезінен тәттілер пісіруге ерекше ықыласты еді. Мектеп кезінде-ақ тапсырысқа торт, тәттілер пісіріп, тіпті дүкендерге де өткізіп жүретін. Бүгінде сол бала күнгі қызығушылығы үлкен кәсібіне айналды. Ақерке үшін бұл жай ғана кәсіп емес, оның жан дүниесі, махаббаты, еңбегі. Сондықтан оның қолынан шыққан әрбір тәттіде ерекше жылулық, айрықша дәм бар. Ақеркенің ісі әрі қарай да қанат жайып, өз тәттілерімен талай дастарханның сәнін келтіре беретініне сенімдімін, – дейді ауыл тұрғыны Гүлжан Алтынбекқызы.

Кейіпкеріміздің негізгі мамандығы – мейіргер. Ауылдық емханада аға мейіргер болып қызмет етеді. Қазіргі таңда бала күтіміне байланысты демалыста отырғандықтан бос уақытында кәсіппен айналысуға бұл бұған.

Иә, оның алға қойған мақсаты айқын. Алдағы уақытта қолынан іс келетін өзі секілді жас келіншектерге тәтті пісірудің қыр-сырын үйретіп, ауылдағы жұмыссыздық мәселесіне тусуа қоймақ. Жас болса да үлкен істі деңгелентіп отырған кейіпкеріміздің кәсібін көзбен көріп, қуанышын бөлісіп қайттық.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сұхбат

Құтқарушылар жұмысы қауырт



Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, аудандағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюда нәтижелі еңбек етуде. Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету де бұл ұжымның күн тәртібінен түскен емес. Былтыр ауданда қанша төтенше жағдай болды, одан қанша шығын келді, жалпы төтенше жағдайлардың көбеюіне қандай жағдайлар себеп болуда? Осы және өзге де бірқатар сауалымыздың түйінін тарқату үшін бөлім басшысы Еркін Назарқұловпен сұхбаттастық...

– Еркін Есетұлы, жалпы былтыр ауданда қанша төтенше жағдай болды?

– Былтыр Жалағаш ауданы аумағында барлығы 21 төтенше жағдай тіркелді. Оның 3-еуі табиғи сипаттағы төтенше жағдайға жатады, яғни 3 орман өрті және 18 (өрт) техногенді сипаттағы төтенше жағдай орын алып отыр. 2023 жылы дәл осындай 48 жағдай тіркелген. Оның ішінде техногенді 38 (38 өрт, 1 көліктегі жағдай), табиғи 8 (1 суға кету оқиғасы, 2 метеорологиялық қауіпті құбылыс (шапыр ұшу, 7 орман өрті) орын алған еді. Былтыр мұндай жағдайлар 53,3 пайызға азайды. Орын алған төтенше жағдайлардың барлығы да уақытылы жойылды. Аудан төңірегінде орын алған төтенше жағдайлардың салдарынан 1 адам қаза тауып, 1 адам жарақат алды.

– Жалпы бізде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөнінде арнайы комиссия бар ма, болса онда қандай мәселелер қаралды? Жалпы аудан төңірегіндегі төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюда бұл құрамның салмағы бар ма?

– 2024 жылға арналған аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын аудан әкімі бекіткен еді. Былтыр 5 рет комиссия отырысы өткізілді, оның 4-еуі кезекті, 1 кезектен тыс өтті. Қаралған мәселелер бойынша жиналыс хаттамасы жасалып, нақты шаралар белгіленіп, орындаушылар бекітілген. Жыл көлемінде 16 өзекті мәселе қаралып, 45 жауапты тұлғаға тапсырмалар берілген. Тіксті тапсырмалардың барлығы уақытында орындалды. Бұл кеңес аудан төңірегіндегі төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда өз жемісін берді деп айта аламын.

– Жалпы тілсіз жаудың алдын алуда профилактикалық шаралар жүргізіліп көбіне өрт оқиғалары қайталанып жатады. Сіздер жалпы аудан төңірегіндегі нысандардың өртке қарсы арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, өртке себеп болатын ескі құрылыстардың уақытылы ауысуына бақылау жасайсыздар ма?

– Жалағаш ауданы бойынша барлығы 429 нысан есепке алынған. Оның ішінде жоғары төуекел дәрежелі 79, орта төуекел дәрежелі 10, төмен төуекел дәрежелі бойынша 340 нысан бар. Былтыр жоспарлы өрт қауіпсіздігі саласы бойынша тексеруге 13 нысан жоспарланды, бұл өткен жылдың алғашқы алты айлығының еңшісіндегі жұмыстарға жатады. Оның 9-ы білім саласы, 1 орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі және 1 аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі болатын. Сонымен қатар аудан прокуратурасының талабына сәйкес 20 мектеп, 1 зертхана, 10 мемлекеттік балабақша, 1 шағын орталық, 1 колледж, 23 жеке балабақша, 7 асхана қызметі бойынша мердігер кәсіпкерлер де тексерілді. Ал II жартыжылдықта жоспарлы өрт қауіпсіздігі саласы бойынша тексеруге 2 нысан жоспарланды, олар – «Кегаг» электр желісі мекемесі және Жалағаш ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

Жалпы былтыр 80 нысан тексерілді. Оның 15-і жоспарлы, 2-еуі жоспардан тыс. Аудан прокуратурасының талабына сәйкес жоспардан тыс 63 нысан тексерілді. Тексеру барысында өрт қауіпсіздігі талаптарының 411 бұзу фактісі анықталды.

– Жалпы былтыр ауданда қанша өрт оқиғасы орын алды? Себеп-салдары қандай? Одан келген шығын көлемі қанша?

– 2024 жылы 21 өрт оқиғасы тіркелді. Оның ішінде нысандарда 1, автокөліктерде 3, тұрғын үй секторларында 14 өрт оқиғасы орын алса, мұнан бөлек 3 орман өрті тіркелді. 2023 жылмен салыстырсақ, өрт оқиғалары 2 есеге азайған, алайда бұған тоқмөйісуге тағы болмайды. Әріптестерімізмен алдағы уақытта да мұндай төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюға нақты жұмыс жасаймыз.

Енді себеп салдарына келетін, 2023 жылы 6 әдейі өртеу жағдайы тіркелген. Былтыр мұндай жағдай тіркелген жоқ. Ал газ баллонының ақауынан былтыр бір жағдай орын алды. Мұнан бөлек жылыту пештің ақауынан 3 өрт оқиғасы орын алды. Алдыңғы жылы газ плита үстінде дайындал жатқан асты бақылаусыз қалдыру салдарынан 2 жағдай орын алған еді. Былтыр абырой болғанда мұндай салғырттыққа жол берілмеді. Кез келген төтенше жағдаймен күресуге дайынбыз, бірақ алдын алған тиімді екенін түсінетін уақыт жетті.

Мұнан бөлек электр сымдарының қысқаша тұйықталуы салдарынан 13 жағдай орын алды. Ашық от көзін қараусыз қалдырғаннан 1 жағдай тіркелді. Темекі тұқылын өшірмей тастаудың кесірінен 2 жағдай орын алды.

Мен мұның әрқайсысына не үшін тоқталып отырмын? Мақсат – қарапайым қауіпсіздік ережелеріне нөмір-райлы қараудың соңы төтенше жағдайға алып келетінін ел білсін деген ой. Мысалы, жанып жатқан от кезінде асты ұмыт қалдыру деген өнді барынша нөмір-райлық қой. Өртті бақылаусыз тастап кететіндер де бар арамсызда. Ал оның соңы неге алып келді? Бұл сауалдың жауабы айтпаса да түсінікті. Сондықтан мамандар мейлінше қауіпсіздік талаптарын сақтаса дейміз. Енді өрттен келген шығындарды талдасақ, былтыр тілсіз жаудың салдарынан 6 млн 137 мың теңге шығын келді.

– Жалпы мұндай салғырттыққа жаза бар ма, әлде тек түсіндірме жұмыстарын жүргізумен шектеле-сіздер ме?

– ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 410 бабы 1 бөліміне сәйкес өрт қауіпсіздігі ереже-талаптарын сақтамағаны үшін былтыр 12 жеке тұлғаға ескерту әкімшілік іс қозғалды. Осы кодекстің 367 бабына сәйкес 1 жеке тұлғаға 36 920 теңге айыппұл салынып және 410 бабының 3 бөлігіне сәйкес 1 заңды тұлғаға 36920 теңге салынып, барлығы өндірілді. 2023 жылы дәл осы заңның 367 бабына сәйкес 1 лауазымды тұлғаға 51 750 теңге айыппұл салынса, 410 бабының 3 бөлігіне сәйкес 1 заңды тұлғаға 34 500 теңге салынып, барлығы өндірілді.

Былтыр нысанда 1 өрт оқиғасы тіркелді. Себеп электр сымдарының қысқаша тұйықталуы болып отыр. Тұрғын үй секторларында тіркелген өрттерді талдасақ, көбіне пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылуы осындай жағдайларға әкеліп отыр. Жалпы орын алған өрттің басым бөлігі электр сымдарының қысқаша тұйықталуынан болып отыр.

Үй мен нысандарды, аула мен орманды былай қойғанда қазір автокөліктегі өрт оқиғасы да тіркеліп жатыр. Мәселен, былтыр дәл осындай үш жағдай тіркелген. Себеп тағы да сол, электр сымдарының қысқаша тұйықталуы төтенше жағдайға әкеліп отыр.

– Жалпы төтенше жағдайлардың алдын алуда профилактикалық шаралардың жемісі бар ма? Тұрғындар түсіндірме жұмыстарынан сабақ ала ма?

– Аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне осыған дейін төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша 62 мақала жарыққа шықты. Тарқатып айтсақ, оның ішінде өрт қауіпсіздігі бойынша 40, азаматтық қорғаныс бойынша 4, мұздағы қауіпсіздікті сақтауда 4, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда 4, азаматтық қорғаныс академиясы бойынша 1, басқа да 6 мақала жарық көрді. Ал суға шомылу маусымы кезіндегі қауіпсіздік шеңберінде 7 мақала жарияланды. Мұнан бөлек телеарна арқылы 4 рет қауіпсіздік шаралары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргіздік.

Әлеуметтік желілерді де іске қосып жатырмыз. Мәселен, Қызылорда облысы ТЖД-ның әлеуметтік желісіне және ауданның «Facebook», «Instagram» парақшаларында 507 мақала жарық көрді. Сондай-ақ үй-үйді аралап та түсіндірме жұмыстарын күшейттік. Мәселен, осыған дейін төтенше жағдайлар бөлімі және №11 ӨСБ кезекшіліктен тыс жеке құраммен әр аптаның сенбі күндері жеке тұрғын жер-терде 4 228 тұрғын үйдің 21850 тұрғынына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ал нәтижесіне келсек, кейбір төтенше жағдайлар азайған, кейбіреуі сол қалпында, тіпті артқаны да жоқ емес.

– Бізде өртке қарсы су көздерінің жағдайы қалай? Олардың қанша-сы жарамды? Жарамсызы қанша? Қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр ма?

– Жалағаш аудандық №11 ӨСБ-нің шығу ауданында барлығы 706 өрт гидранты орналасқан. Аудан орталығында 163 өрт гидранты бар, елді мекендерде 532 өрт гидранты және нысандарда 11-і бар. Оның ішінде 669 өрт гидранты жарамды, 37-сі жарамсыз. Қазіргі таңда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

– Суға шомылу маусымында адам шығыны орын алмас үшін қандай шараларды қолға алдыңыздар? Білуіміше, аудан төңірегінде әлі де шомылуға рұқсат етілген су айдыны жоқ. Енді бір тоқсаннан кейін жаз да келеді. Алдағы маусым қалай болмақ?

– Былтыр суға шомылу маусымында ешқандай адам шығыны тіркелген жоқ. 2023 жылы 3 қайғылы жағдай орын алған еді. Оның екеуі – бала. 2023 жылы 3 мамырда Мәдениет ауылының Мырзабай ахун мешітінің жанындағы фазендадан 2003 жылғы азаматтың жоғалып кеткені жөнінде хабарлама түскен. Хабарлама бойынша 4 мамырда ҚО ТЖД «ӨСЖАҚЖҚ» ММ Жедел құтқару жасағы қызметкерлерімен «Қаракөл» көлінің жағасынан шамамен 5 метр қашықта 3 метр тереңдікте жоғалған баланың мәйіті табылды.

Дәл сол жылы 4 тамызда сағат 17:30 шамасында Таң ауылы Жаңақоныс елді мекені Жаңақоныс көшесі №25 үй тұрғыны 04.12.2015 жылы туған, Қызылорда қаласы Бектұрғанов көшесі 17/94 үй тұрғыны 07.04.2016 жылы туған екі азамат ауыл шетінде орналасқан «СК 14 Д» каналдың (ауылдан шамамен 300 метр жердегі ұзындығы – 10,9 шақырым, ені – 5 метр, тереңдігі – 1,5-2 метр) көпірінде ойнап жүрген кезінде бірінің аяғы тайып кетіп, суға құлап кеткен.

2023 жылы 1 қыркүйек жергілікті уақыт 10:48 шамасында Мәдениет ауылы Тобаев көшесі №15 тұрғын үйдің 26.06.1966 жылы туған тұрғыны 28.08.2023 жылы үйінен белгісіз бағытта шығып қайта оралмаған. Іздестіру жұмыстары нәтижесінде 2023 жылы 1 қыркүйек 15 сағат 40 минут шамасында ауыл тұрғындарымен құрылған еріктілер ауыл маңындағы «Қорқытбай» суармалы каналынан оның мәйітін тапты.

– Рұқсат етілген су айдыны болмағанын бәрі қауіпті. Десе де көбіне қайшылық жағдайлар аудан төңірегіндегі қандай су айдындарында тіркеледі? Онда рейдтік шаралар немесе бақылау жұмыстары жүргізіле ме?

– Адамдар көбіне суға бататын жағдайлар Жалағаш көнтінің маңынан өтетін Сырдария өзені көпірі мен үш ауылда болып отыр. Сол себепті негізгі жұмыстар осы аймақтарға басты назар аударылып жүргізілуде. Аудан әкімінің төрағалығымен өткен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезекті отырысында шомылу маусымы кезінде қауіпсіздікті сақтау туралы тақырып талқыланды. Барлық жағдай пысықталып, тиісті шаралар қабылдау қажеттігі айтылды.

Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімі, Жалағаш ауданы №11 өрт сөндіру бөлімдерінің кезекшіліктен бос қызметкерлері, еріктілер, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері мен жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, күнделікті сағат 13:00-ден 21:00-ге дейін адамдардың белгіленбеген орындарда суға шомылуға қатаң тыйым салынатыны және мас күйінде шомылуға болмайтыны жөнінде түсіндіріліп, рейдтік шаралар жүргізілді. Былтыр осы бағыттағы жұмыстар жемісін беріп, абырой болғанда адам шығыны орын алған жоқ, Биыл да нақты жұмыстар атқарып, бақылауды күшейтеміз.

– Жалпы сіз айтып өткен Сырдария өзені қазір де қауіпті, мәселен, жаз айларында балалар үшін қауіп төндірсе, қазір сең жүретін уақыт. Кешегі сең жүру кезінде дария бақылаудан тыс қалған жоқ па? Бір сөзбен айтқанда, бүгінде тұрағындар үшін өзеннен келер қауіп бар ма?

– Аудан аумағынан Сырдария өзенінің 84,5 шақырымы өтеді. Оның бойында барлығы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеті орналасқан. Оның ішінде оң жағалауында – 56, сол жағалауында – 40,5 шақырым. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. Қорғаныс бөгеттері Жалағаш көнтінің Дәуімбай учаскесі, Ақсу, Мөрәлі Шәменов, Таң және Қаракөткен ауылдық округіне қарасты Далдабай елді мекендерін мол судан қорғау үшін салынған. Осы қорғаныс бөгеттері зерттеліп, қыс айларында мұз кептелісі орын алатын 13 учаскеге белгіленген. Атап айтқанда, Мұса қайыры, Байбыхан, Әшірман түбегі, Ақшығанақ, Сырдария өзеніндегі автокөлік көпірі, Ақтерек, Тұрымбет, Қарайірім, Ошағанды, Тары Арық, Семітарна, Қосбөгет, Шөмен қайыры.

Кешеге дейін барлығын бақылауда ұстадық. Әлі де өзен деңгейі назарымызда. Су басу аймағында шамамен 70 мың гектар жер бар, оның ішінде 5300 гектар ауыл шаруашылығы жерлері, 100 шақырым электр және байланыс желілері, 50 шақырым темір жол, 50 шақырым автокөлік жолдары орналасқан. Су басу қаупі бар учаскелерден тұрғындарды көшіру үшін 4

эвакуациялық жинақтау, 10 эвакуациялық қабылдау бекетінің орны бекітілген.

– Жалпы сеңді аудан аумағынан өткізуге дайындық қалай болды? Жаңа «Бүгінде қауіп бар ма?» деген сауалымыздың түйіні толық тарқатылмады...

– Сырдария өзенімен мол су, сең жүруіне байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында былтыр өзен бойында кезекшілік кестесі бекітілді. Сырдария өзені бойындағы су алу қаупі туындағанда бірінші кезекте жұмылдырылатын 12 ЖШС мен ШҚ-дан 30 техника нақтыланды. Биыл 6 ақпанда «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізілді. Оған 244 адам, 61 техника жұмылдырылып, аудандық азаматтық қорғау қызметтері, ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар және авариялық-құтқару қызметтері күш-құралдарының дайындығы пысықталып, саптық қарау өткізілді. Сонымен қатар Жалағаш ауданы, Ақсу ауылындағы Сырдария өзенінде сең жүру кезінде мұз кептеліс өсерінен дария деңгейі көтеріліп, Ақсу ауылын су басу қаупі төнуіне байланысты практикалық оқу-жаттығу өткізілді. Қазір айтарлықтай қауіп жоқ.

– Еркін Есетұлы, жаман айтпай жақсы жоқ, егер табиғи төтенше жағдай туындай қалаған жағдайда материалдық-техникалық жағынан дайынсыздар ма?

– Ауданның материалдық-техникалық қоры жеткілікті. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға аудан бюджетінің шұғыл шығындар резервіне биылға 41 млн 225 мың теңге қаралды. Оған 8 мың қап, 900 литр бензин, 3,2 тонна дизель отыны, мың бау қамыс, 1200 қада, мың сабан пресс, азық-түлік және басқа да қажетті қорларды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлермен келісім-шарт жасалды.

Төтенше жағдай туындағанда тұрғындарды құлақтандыру үшін аудан бойынша 6 құлақтандыру қондырғысы орналасқан. Атап айтқанда, Жалағаш көнтінде 3 сирена (Қазақтелеком, аудандық емхана мекемесінде, №202 орта мектебі) және ауылдық округтер бойынша 3 құлақтандыру жүйесі (Таң ауылдық округіндегі №118 орта мектеп, М.Шәменов ауылдық округіндегі Мәдениет үйі, Қаракөткен ауылдық округінің Далдабай елді мекеніндегі ауыз су ғимараты) жұмыс атқаруда. Сонымен қатар БАО-600 құлақтандыру құрылғысы көнт және барлық елді мекендерге орнатылған.

– Жалпы сең жүру кезінде бізде қандай елді мекендер қауіпті және онда қанша халық бар?

– Сең жүру кезінде өзен бойында орналасқан барлық елді мекен қауіпті. Аудандағы су қауіптілігі қатты сезілетін аймақтарда 1072 үй, 5367 халық тұрады. Олардың иелігінде 22 628 төрт түлік бар. Мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың су басу аймағына жақын орналаспауын, яғни жер телімін қауіпті аймақтардан бермеу бойынша аудан әкіміне ұсыныс жолданған.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, №11 өрт сөндіру бөлімі, аудандық полиция бөлімі, жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері және еріктілермен бірлесіп Сырдария өзені жағалауында орналасқан шаруа қожалықтар мен тұрғындарға малдарын және т.б заттарын қауіпсіз аймаққа көшіру үшін шаруа қожалықтың басшыларына және азаматтарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескерту хаттары таратылды. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің ұйымдастыруымен 20 мектепте судағы (мұздағы) қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында қыс-көктемде су тасқыны туындаған жағдайда іс-әрекеттер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда «Жалағашсушар» ӨУ бөлімінен өзендегі судың деңгейі мен ауа райы туралы ақпараттар күнделікті алынып, жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, Сырдария өзеніне мониторинг жұмыстары күнделікті дронмен жүргізілуде. Қорытындысы күнделікті ТЖААБ және ТЖД кезекшісіне күнделікті жолдануда.

Биыл 24 ақпан сағат 14.00-де сең Жалағаш ауданының территориясына кіріп, 27 ақпанда 18.00-де өзеннің аудан аумағындағы бөлігі толық мұздан тазартылған. Сондықтан 2024-2025 жылдардағы су тасқыны қауіпті кезеңінде су басу оқиғалары тіркелген жоқ.

– Еркін Есетұлы, жылдың төрт мезгілінде де жұмыстарыңыз қауырт екен екенін жақсы білеміз. Сонда да уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Әңгімелескен
Кенжетай ҚАЙМАКБЕК

Маман мерейі

Шара Бөлембаеваның таңғы жұмысы кезекшілікті қабылдап алумен басталады. Мұнан кейін ішке түскен әр қоңырауға жауап беру де – оның негізгі міндеті. Күнделікті оқу-жаттығу жұмыстары тағы бар. Бүгінде білікті маманның дәл осы абыройлы міндетті атқарып келе жатқанына 16 жыл болыпты.



Радиобайланысшы Шара

Иә, ол осында уақытта тек жауапкершілікті өзіне серік етті, жұмыста табанды болды. Қазіргі таңда аудандық төтенше жағдайлар бөліміндегі жастарға үлгі болып жүр.

– Біздің сала салғырттықты көтермейді, ал өзің ондайға жол берсең, біреуді төтенше жағдайдан қалай құтқарасың? Міне, осындай сан сауал бізді ширатады. Шүкір, бүгінде тапжылмай бөлімде жұмыс жасап келе жатқаным 15 жылдан асты. Осында уақытта артылған сенімді ақтап, барлық тапсырманы жоғары деңгейде орындап келемін. Төтенше жағдайлардан аман алып қалғанымыз үшін елдің де алғысын алып жатырмыз. Мен үшін халықтың алғысынан асқан абырой жоқ, – дейді Шара Шамшатқызы.

Сыртынан қараған адамға радиобайланысшы күнделікті тек қоңырауларға жауап берумен шектелетін сияқты. Бірақ шын мәнінде оның басқа да функциялары барың олардың да құтқарушылармен бірдей оқу-жаттығудан өтетінін, төтенше жағдайдың алдын алуда солармен бірдей жұмыс жасайтынын біле бермейміз. Таңнан кешке дейін бұл бөлімге жайдан-жай ешкім шықпайды. Тек орын алған төтенше жағдайды баяндап, көмек сұрайды. Ал оны Шара Шамшатқызы бастығына баяндап, толық құрамда құтқарушылар әртүрлі апатпен күреседі.

– Кейде білесіз бе, төтенше жағдаймен күресіп, кез келген апатты дер кезінде ауыздықтар үшін радиобайланысшы маңызды рөл атқарады. Осы ретте Шара әріптесіміздің қырағылығын, жауапкершілігін, өз міндетіне адалдығын айтпай кету мүмкін емес. Тіпті ол осы жолдағы ширақ ісімен айналасына үлгі болып жүр. Сондықтан біз онымен мақтанамыз. Жастарға үлгі өтеміз, – дейді бөлім бастығы Еркін Назарқұлов.

Иә, оның саладағы табанды еңбегі ескерусіз қалған емес. Осыған дейін аудан әкімінің, департаменттің және бөлім бастығының алғыс хаттарымен, арнайы дипломдармен марапатталды. Бірақ ол мұндай марапаттарға тоқмөйіспеді. Керісінше шабыт алып, жұмысын одан әрі ширатты.

Шындығында, кейіпкеріміздің айтып отқаны орынды, бұл сала расында салғырттықты, нөмірұйлықты көшірмейді. Себебі тұтас халыққа қызмет ететін ауыр салада жауапкершілік бірінші орында болуы тиіс. Міне, оны қашанда бірінші орынға қоя білуінің арқасында Шара Шамшатқызы бұл қызметте абырой биігінен түскен емес.

Ол – жұмыста білікті маман, отбасында – аяулы ана. Бүгінде жолдасы екеуі 1 қыз тәрбиелеп отыр. Қызы да анасы секілді өз мамандығына адалдық танытып, елге қалтқысыз қызмет еткісі келеді. «Алма ағашынан алысқа түспейді» дейді. Ұрпақ сабақтастығы деген осы шығар, сіре!

Жандос ЖАЗКЕН

Тағзым

Ерлік мәңгі есте қалады

Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні қарсаңында аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов бастаған бір топ қызметкер, сала ардагерлері 2008 жылы 28 ақпанда «МИ-8» тікұшағының құлауы салдарынан қаза болған азаматтарға арналған мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойып, құран бағыштады. Қаза болған әріптестерін еске алу үшін алдымен 1 минут үнсіздік жариялады.

Мұнан кейін сала ардагерлері мен құтқарушылар әріптестерінің ерлігі жайында естеліктер айтып, олардың өнегелі өмірі қашанда жастарға үлгі болатынын жеткізді.

– Азаматтық қорғау органында аянбай қызмет еткен облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары болған әріптесіміз, полковник Қазбек Төреманов та сол оқиға кезінде қаза болған еді. Оның есімі әріптестерінің жазында мәңгі сақталады, – деді аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов.



Жабық бассейндегі жарыс

«Нашақорлыққа жол жоқ» ұранымен аудан, ауыл мекемелері қызметкерлерінің арасында еркін жүзуден аудандық ашық біріншілік өтті. «Б.Құлтеменов» атындағы жабық бассейндегі жарысқа қатысушылар өзара мықтыны анықтап, жүлделерді сарапқа салды.



Салауатты өмір салтын қалыптастыру және ауданда жүзу спортын дамыту мақсатында ұйымдастырылған жарыста 30-40 жас, 40-50 жас, 50-60 жас және 60 жастан жоғары мекеме қызметкерлері суда еркін

жүзуден сайысты. Жалағаш кенті мен ауылдардан 30-дан аса қызметкер қатысқан бәсеке тартысты өтті. Қатысушылар 50 метрге еркін әдіспен жүзуден бақ сынады.

Нәтижесінде 30-40 жас аралығында Асхат Сапабек оза шапты. Келесі орынға «Наркескен» спорт клубының волейбол үйірмесінің жаттықтырушысы Жайдар Мақсұм жайғасса, Еңбек ауылынан келген Ербо-

лат Оржанов үздік үштікті түйіндеді. 40-50 жас аралығында №33 орта мектептің мұғалімі Нұрлыбек Төлеубаев көш бастады. Ал екінші орынға аталған бассейн қызметкері Арман Абуов ие болса, үшінші орынға №123 мектеп-лицейдің қызметкері Самұрат Оспанов лайық деп танылды.

50-60 жас аралығындағы қатысушылар арасындағы жарыс та тартысты өтті. Мұнда мемлекет және қоғам қайраткері атындағы №123 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Бағдат Шаекеев бас бөйгені еншіледі. Ал 60 жастан жоғары қатысушылар арасында «Наркескен» спорт клубындағы футбол үйірмесінің жаттықтырушысы Жанқожа Қаниев мықтылығымен көзге түсті. Келесі орынға Р.Бектібаев жайғасса, Шакизада Мұстафа үздік үштікті түйіндеді. Жеңімпаздар аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің медаль, дипломдарымен және аудандық жабық бассейнің арнайы сыйлықтарымен марапатталды.

«ЖЖ» ақпарат

Басты мақсатым – туған жерді түлету

Саяси науқанның да басталуына санаулы күн қалды. Шындығында, бұл сайлау аққырлықтар, жалпы жерлестерім үшін аса маңызға ие. Себебі тұтас бір ауылдың алдағы бес жылдықтағы болашағы үшін өлге таңдау берілгелі тұр. Сондықтан ауылдастар бұл сайлаудан шет қалмай белсенді болуы керек.

Аққыр аудан орталығынан шалғай орналасқан демесеңіз, мұнда да шаруаны ширатуға болады. Жалпы туған жеріміздің болашағын жарқын ету – менің азаматтық борышым. Сол борышты жүзеге асыру қолымынан келе ме, жоқ па, ол жағын алдағы бес жылдықта саралаймыз. Әлбетте ол үшін алдымен жерлестеріміз қолдауы бөрінен маңызды. Әр адам өмірінің жаңа белесінде алдына мақсат-міндеттер қояды. Дәл сол секілді мен де ауыл өкіміне үміткер болар алдында алдыма үлкен мақсат қойдым. Себебі бұл да мен үшін өмірімдегі жаңа белес болып табылады. Бұл жолғы мақсат-міндеттеріміз ауқымы да жоғары болды. Себебі оның бәрі тек өмірім үшін ғана емес, тұтас бір елді мекеннің болашағы, ондағы тұрғындардың келешегіне негізделді. Мұны көшегі сайлаудың бағдарламасында да айтқанмын.

Жалпы Аққыр ауылдық округі өкімі қызметіне сайлансам, елді мекеннің гүлденіп өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына қалай үлес қосамын? Алдымен осы сауалдың түйінін тарқатайын.

Жалпы елді мекеннің тыныс-тіршілігімен таныс адам ғана ол ауылда қандай мәселе бар, оның шешімі қалай деген сауалдардың түйінін іспен тарқата алады. Осы ауылда туғандықтан және осы ауылда өлі де жұмыс жасағандықтан елді мекеннің бүгінгі тынысы маған жат емес.

Биыл елді мекеннің 2 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қолға алмақпын. Сонымен қатар 3 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарының кезең-кезеңімен жүргізілуіне жұмыс жасаймын және күтіп ұсталуын қамтамасыз ететін. Оңтүстік коллектор арнасынан елді мекенге аяқсу өкелу мақсатында жаңадан қазылатын канал арқылы аяқсу мәселесін ретке келтіремін. Бұл ауылдағы тұралаған егін шаруашылығын ширатуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Аққырдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аудару бөрінен маңызды, себебі әрбір отбасының мұң-мұқтажы мен ұсыныс-пікіріне көңіл бөліп, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне жұмыс жасау керек. Сонда ғана халықтың тұрмыс сапасын арттыруға жол ашылады.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыссыздықты азайту үшін ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар және төмен пайызбен несие алуларына жұмыс жасап, шағын кәсіпкерлікті дамытуға күш саламын. Себебі кәсіпкерлікті дамыту арқылы ауылдағы бірнеше мәселенің шешімін табуға болады.

Ауылдың округте балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласының дамуына ықпал ететін. Бір сөзбен айтқанда, жастардың бос уақыты тиімсіз өтпеуі керек, керісінше оларды өнер-білімге баулуымыз керек.

Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын. Ол үшін жоғарыда айтқанымдай алдымен елді мекенде кәсіпкерлік саласын дамытамын.

Мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ауылдық округте көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргіземін. Ауылдық қоғамдастық жиыны мүшелері және ауыл ақсақалдарымен бірлесі отырып, елді мекендегі мәселелердің оң шешілуіне жұмыс жасаймын. Сонымен қатар ұсақ-келік полициямен бірге қоғамдық тәртіпті сақтауын, санитарлық-тазаалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

Жалпы кез келген адамға туған жердің түлеуіне тамшыдай болса да үлес қосу – азаматтық парыз. Бұл саяси науқан маған соны жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Алдағы уақытта ауылдың гүлденуіне, ондағы халықтың тұрмыс сапасының артуына барлық қарым-қабілетімді жұмсаймын. Ол үшін бірінші кезекте жергілікті тұрғындардың, сайлаушылардың қолдауы бөрінен маңызды. Сондықтан алдағы сайлауда жерлестерімді белсенді болуға шақырамын. Мен үшін артылған сенімді ақтау бөрінен маңызды.

Бауржан ШЫНЖЫРОВ,
Аққыр ауылдық округі
өкіміне үміткер
Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Аққырдың болашағын жарқын етемін

Жалағаш – тарихы тереңнен бастау алатын киелі мекен. Мен үшін ауданның барлық жері бірдей, тұтас аудан менің туған жерім болып саналады. Ал туған жерге төр төгу – үлкен міндет. Ақындарша айтсақ, адамның кіндік қаны тамған жерге маңдайының тері де тамуы керек.

Шалғайдағы Аққыр ауылында ауыл өкіміңіз сайлауы өтеді дегенді естіп, өзім де бақ сынауға бел буғаным бар. Бірақ ауыл өкімі деген шай барып отыра салатын қызмет емес, шын түсінген адамға қыр-сыры көп жауапты қызмет қой. Бірақ сонда да осы ауылдың өкімі болуды мақсат етіп, дереу елді мекеннің бүгінгі мен ертеңін барладым.

Расында Аққыр аудан орталығынан шалғайда жатыр. Бұрын мал шаруашылығымен аты шыққан елді мекеннің бүгінгі тынысы да жаман емес. Бірақ соңғы жылдары егін саласы көнжелеп қалғанын көпшілік жақсы біледі. Бұрынғыдай жұрт ауласынан әрі бақша да сала алмайды. Неге? Себебі ауылда қазір аяқсу тапшы.

Осындай санаулы мәселелер бар екен ауылда. Бірақ оның шешіміне жұмыс жасасаң, барлығы оңынан болғалы тұр. Не керек, мен де ауылдың ертеңіне жұмыс істеу мақсатында сайлауда бақ сынауды жөн көрдім.

Рас, ауылым басқа, мен бұл ауылда өскен жоқпын. Бірақ сөз басында айтқанымдай, маған Жалағаштың барлығы туған жерімдей. Сондықтан Аққырдың алдағы 5 жылдықта болашағына еңбек етуді жөн деп білдім.

Ауылдың инфрақұрылымының дамуына, абаттандырылуына, халық игілігіне қызмет ететін нысандарына уақытты сапалы жөндеу жұмыстары мен күрделі жөндеу жұмыстарын жасауға, ауылды көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге жұмыс жасаймын. Жалпы Аққырда ойын алаңы бар, мектеп бар, емханасы тағы бар. Тіпті жуырда спорт көшесін пайдалануға берілгелі тұр. Енді ауылға мәдениет ошағы керек. Аққырдың өнерпаздары жалпы талай додала топ жарғанын жақсы білесіздер. Қазірдің өзінде ауылдан түлеп ұшқан сахна саңлақтарын тізе берсек, өз алдына бір еңбекке жүк болары анық. Міне, олардың өнер жолын жастарға дәріптеу үшін ауылға мәдениет үйі салынуы керек. Алдағы уақытта оның бой көтеруіне бар қарым-қабілетімді саламын.

Балаларға арналған спорт алаңдары мен мәдени нысандардың құрылысының

салынуы да назарымда болады. Жаңа бір спорт көшенің құрылысы жүріп жатқанын жоғарыда айттым. Бұндай нысандар елге қызмет ететіндіктен оның сапасы ұдайы бақылауда болуы тиіс. алдағы уақытта мұндай жұмыстар тікелей өзіміздің қадағалауымда болады.

Халықтың тұрмыс сапасын, өмір сүру деңгейін көтеру үшін барлық жағдайдың жасалуын қолға аламын. Халықтың өлсіз топтары еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау жасалуына ықпал етемін. Оның ішінде жетім балалар мен аз қамтылған отбасы балаларына арнап жазғы лагері жолдамаларын алып беруге ықпал етемін.

Халықтың тұрмыс сапасын арттырудың қазір тіктері бар. Тек соның жолын таңда білу керек. Мысалы, мемлекет қазір көсіп ашуға барлық жағдайды жасап отыр. Қайтарымсыз гранттан төмен пайызбен несиеге дейін береді. Неге осы жолда ауыл халқын сүйемелдеп, іс бастауына көмек жасамасақ. Міне, жалпы халықты кәсіпке баулуымыз керек. Сонда ғана ауылдың кірсі артып, халықтың тұрмыс сапасы өздігінен көтеріледі.

Иә, басқа да жол, жарыққа қатысты ауылда мәселе жоқ емес. Тіпті бұларды адам өмірінің құртамасыры десе де болады. Ауылдың ішкі көшелерін жарық-

тандыру, абаттандыру, көше-жолдарын асфальттау, жөнге келтіру мақсатында бюджеттен тиісті қаражат бөліруді құзырлы органдарға мәселе етіп қойып, орындалуын қамтамасыз ету мақсатында табанды жұмыс жүргіземін. Сонда ғана қатынас артады.

Мен үшін әрбір тұрғынның өмірі мен денсаулығын сақтау – басты міндеттеріміз бірі. Сондықтан ауылда денсаулық сақтау саласының да жақсаруына жұмыс жасаймын. Білікті мамандар тарту арқылы ауылда медицина саласын дамытуға көңіл бөлемін. Ал ауылдағы мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамыту күн тәртібінен түспейді. Себебі қос сала да маусымдық жұмыс болғанымен, ауылдың негізгі тіршілік көзі де осы екі салаға тәуелді.

Жалпы Аққырдың да тарихы әріде жатыр. Өзі де шалғайда орналасқан. Бірлігі бекем елді мекенде тірлік те тұраламау керек. Ал шаруаны ширату менің қолыма келгені де олаймын. Алдағы саяси науқанда бақ сынауыма да осы өзіме деген сенімділік басты себеп болып отыр.

Маржан ИЗТЕЛЕУОВА,
Аққыр ауылдық округі
өкіміне үміткер
Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Шалғайдағы ауылдың шаруасы ширайды

Қазір мемекет жақсы бір жүйені қолданысқа енгізді. Енді өкімді халықтың таңдауы кімге болса да тиімді. Себебі жергілікті жұрт көкейінде жүрген мәселені шеше алады-ау деген адамына ғана сенім артады. Бұрынғыдай төтесінен тағайындау деген атымен жоқ.

Бұл бір жағынан істің ебін тауып, шаруаны ширататын адамдар үшін де үлкен мүмкіндік болып отыр. Баяғыдай жаттанды түсінік жоқ, қазір жұмыс жасай алатын адамға ғана мүмкіндік беріледі. Ал сайлау – соның дәлелі.

Біздің аймақта да ауыл өкімдерін халықтың сайлап жатқанына бірнеше жыл болды. Тіпті кейбір ауылдар екінші мәрте өз таңдауларын жасап жатыр. Ұмытпасам, алдағы уақытта өтетін ауыл өкімінің сайлауы Аққырда бірінші түр болып отырған саяси науқан емес. Бұған дейін де Аққырдағы ағайын өз таңдауын жасаған.

Жалпы өткен сайлауда жергілікті халық неден ұтылды, нені ұтты? Осыған дейін ауыл өкімі болған азамат шама-шарқына елдің сеніміне еңбек етті және сол жолдағы жұмысы да жемісті болды. Халықты алдауға өсте болмайды, себебі бес жылдан кейін сенің жасаған жұмысыңа баға беріледі. Әрбір ісін сараланады. Сол кезде елдің алғысын алу бөрінен қымбат.

Иә, Аққырда биыл тағы да сайлау өтеді және оған санаулы күндер ғана

қалды. Шалғайдағы ауылдың шаруасын ширату үшін алдағы саяси науқанда бақ сынауға мен де бел буып отырымын. Бұл жолдағы мақсатым айқын, қай уақытта да елдің мүддесін бірінші орынға қоя білетін адам ғана елдің алғысын бөрінен биік қояды. Мен де ертең ауыл өкімі болсам, халықтың алғысын алуға барлық қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Халықтың әлеуетін арттыруда мемлекеттік саясатты негізге ала отырып, ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүруіне жағдай жасау негізгі міндетім деп білемін. Ол үшін алдымен Аққырда кәсіпкерлік саласын дамыту керек. Сонда жұмыссыздық мәселесін түсіндіріп, келесі кезекте кәсіпкерлік қанат жаяды. Тіпті елдің де тұрмыс сапасын түзуге жол ашылады.

Аққыр ауылында білім, деңсаулық сақтау сынды салалардың алға басыуына жағдай жасап, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына да назардан тыс қалдырмаймын. Ауылдың жастары білімді әрі дарынды. Тіпті жыл сайын ҰБТ-дан ауыл түлектері жоғары балл жинап, қалаған мамандықтарын

мемлекеттік грантпен игеруге мүмкіндік алады. Ауыл мектебі күрделі жөндеуден өткен, енді ауылдағы білім сапасын өлі де арттыруға еңбек ету керек.

Ауылда тұратын әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселесін шешуде ойда жүрген тың идеяларымды жүзеге асырамын. Ауылда ұсақ-келік полиция қызметкері мен ардагерлермен бірлесі отырып, қоғамдық тәртіпті сақтауын жүзеге асырамын.

Аққыр ауылында жұмыссыздық мәселесінің алдын алу үшін ауылда кәсіпкерлік саласының дамуына жағдай жасаймын. Ол жайында жаңа жолдарды да айттым. Бұл ретте ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалармен көсіп ашуына мүмкіндік жасаймын. Сондай-ақ қазіргі таңда кәсіпкерлік саласына қадам басқан жұмыссыз азаматтарға берілетін қайтарымсыз гранттарға ауыл тұрғындарының қол жеткізуіне бар қарым-қабілетімді жұмсай отырып, олардың өз жобаларын ауылда жүзеге асыруына бар жағдайды жасаймын.

Ауылда мал шаруашылығын дамытуға да, егін шаруашылығымен айналысатын дегендерге де бар мүмкіндік қарастырылған. Сол мүмкіндікті ауыл тұрғындарының тиімді пайдалануын қамтамасыз ете отырып, мал басын арттырып, егін шаруашылығында өнді-

рілетін өнім көлемінде өсім қалыптастыруға күш саламын.

Ауылда жүргізіліп жатқан саяси, мәдени, әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттауды күн тәртібінен түсірмей, ауыл халқымен бірлесі отырып, өзекті мәселелердің шешімін табуына бар қарым-қабілетімді жұмсаймын. Ал электр жарығы, ауызсуға, аяқсуға халықтың қолжетімділігін мейлінше қамтамасыз ете отырып, тұрғындардың барынша сапалы өмір сүруіне жағдай жасауды негізгі міндетім деп білемін.

Тұрғындар атқан сенім үдесінен шығу – негізгі мақсатым. Сондықтан ауылда басқа да мәселелердің шешімін табуға күш саламын. Бұл ретте жергілікті шаруашылықтардың жұмылдыра отырып, бірқатар жобаны жүзеге асырамын. Алдағы уақытта ауылдың болашағын жарқын етуге бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Иә, өздеріңіз көріп отқандай, мақсат айқың тек қолдау керек. Алдағы саяси науқанда ақырлықтар мені қолдап дауыс берсе, шалғайдағы ауылдың шаруасын ширатуға барлық қарым-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын.

Самап ҚАЛДЫБЕКОВА,
Аққыр ауылдық округі
өкіміне үміткер
Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді

Қазақ хандығының қалыптасуындағы исламның рөлі

Қазақ мәдениеті мен мемлекеттігінің қалыптасуында ислам дінінің рөлі өте жоғары болды. Қазақ халқының ұлттық дінге болып саналатын салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, адамгершілік ұстанымдары, елдік санасы да исламның негізінде қалыптасты.

XV ғасырдың екінші жартысында Керей мен Жәнібек негізін қалаған қазақ хандығы тарих сахнасына шығып, көп ұзамай Орталық Азиядағы қуатты мемлекеттің біріне айналды. Қазақ хандығы жүздік, рулық жүйеден тұрды. Әр жүздің, әр рудың рухани басшысы, биі болды. Осынау ұлан байтақ жерде бір тіл, бір дің, бір мазхабтың қалыптасуына ислам дінінің тигізген әсері жайлы деректер ауыз әдебиетімен қатар жазба деректерде де расталады.

Халықтың бар танымын, болмысын, табиғатын көрсететін қазақ әдебиетіндегі би-батырлар, әулие-пірлер, ахун-шайхылар, ақын-жырауларға үңілсек, би бойынан даналық, кемеңгерлік, шешендік, тапқырлық, әділдік, мейірімділік, батылдық, тәуекелшілдік т.б. жақсы қасиеттерді көреміз. Ал батыр – ел басына күн туғанда ел-жұрттың тілеуімен дүниеге келетін, зұлымдықпен, әділетсіздікпен, жауыздықпен жалғыз күресіп жететін, ата-ананы, ел-жұртты игілікке жеткізетін, аты ұранға айналатын ерекше күш иесі. Жыршы шешенге тән мінез, түйінді кесек-кесек сөз маржандары, кемелдік, бірсөзділік, сабырлық, пікірге көмілдік арқылы танылады.

Пір, әулие, ахун, сопы, ишандар – тек дін уағыздаушы, дін басшысы ғана емес, елге үлгі болған ғұлама-ғалым, мұсылманшылықтың бірнеше сатысын меңгерген, адам жанының білгірі, ерекше қасиет иесі, тү көтерген рухани басшы. Қазақтың «кемел адам, шынайы адам» ұғымдары сонау әл-Фарабидің «Бақытты қала тұрғындары» трактатынан, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбектерінен бастау алды. Онда да ел билеушінің, рухани көсемнің бойынан табылу керек жақсы мінездер, қасиеттер насихатталды.

Бұл шығармалардағы үгіт-насихат ел билеушілерінің дінге жақын болуына, ислам құндылықтарын терең ұғынуға септігін тигізгені анық. Өйткені бұндай шығармалар тек түріктерде ғана емес, жалпы шығыс өлемінде хандар мен сұлтандарға, билер мен үзірлерге әдейі арнап жазылған.

Билер мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына, жарғы мен бұйрықтардың жүзеге асырылуына жәрдемші бола білді. Қасым хандық құрған кезде (1511-1523) ел басқару ісінде қолданған «қасқа жолдың» қағидалары өзгеріссіз XVII ғасырға дейін жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598-1645) «Есімханның ескі жолы» деген жаңа атқа ие болды. Заған өзгерісіне сай өз-Төуке ханның тұсында (1680-1708) бес тараудан тұратын ежелгі ережелерге тағы да екі тарау қосылып, «Жеті жарғы» деп аталды.

Қасымхан өз заңында Құран талаптарын қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтай отырып, заң жинағын жасады. Мысалы, жеті атаға дейін үйленбей, өменгерлік, құдалық жол-жоралғылар, қазылық билік т.б. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүр, әдет-ғұрып «жарғыны» жаңғыртып, күшейте түсті. Бұл заңға енген ережелер: 1. Мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы). 2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық). 3. Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат). 4. Елшілік жоралғы (майталман шешендік, халықаралық қатынастағы сыйлықтың, әдептілік, ибалылық). 5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, ат жарыс, бөйге ережелері, жасауыл бекіт, тұтқауыл міндеттері). Бұл жарғы халық арасында ітіпталпен «Қасымханның қасқа жолы» деп аталып кетті.

Төуке ханның тұсында 1684 жылы қазақтың белгілі үш биі Әйтеке би, Төге би, Қазыбек бидің қатысуымен бұл заң жаңа тараулармен толығып, «Жеті жарғы» атанды. «Жеті жарғы» билер сотының беделін арттырды. Түркістан қаласын Қазақ хандығының астанасы етті. Түркістан қаласы жанындағы Битебеде, Сайрам қаласы маңындағы Мәртебеде және Күлтөбеде жыл сайын «Билер кеңесі» шақырылды.

Төуке хан билік еткен кезең Қазақ хандығының «алтын ғасыры» саналады. Билер «Жүзге бөлінгеннің жүзі қара, руға бөлінгендер құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Хан асса, халқын сатады. Халық асса, хандыққа таласады» деп ұлттық сана мен адамдық қасиетті жоғары қойды.

Халықтың мұсылман дініне деген зор құрметі ұрпақтан-ұрпаққа тараған ауыз әдебиеті үлгілерінде де өз әсерін байқатпай қалмады. XV-XVIII ғасырлар арасында өмір сүрген Қазтуған жырау, Жиембет жырау, Марғасқа жырау, Асан қайғы, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиембет жырау, Ақтамберді жырау, Төттіқара жырау, Ұмбетай жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Шал ақын секілді қазақтың озық ойлы алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерінің қай-қайсысы да исламнан мол хабардар жандар еді.

Абылайдың ақ туы (исламға тән) ұстағаны, Қытайдың мәдени, діни ықпалынан сақтану үшін елдік тұрғыда мұсылмандыққа мықты болу керектігін өсиет еткені кейбір көрші халықтардың деректерінде кездеседі. Қазақ жұрты діні насихатында жүрген молда, ишандарға, қиссашыларға, термеші, жыршы, жырауларға үлкен құрметпен қарады. Тіпті олардың материалдық қажеттіліктерін де өздері көтеріп отырды. Әркез олардың аузынан шариғатты естуді, діни қиссалар мен өңгімелерді тыңдауға құмартты.

Ел ішіндегі «Сал-сал», «Кербаланың шөлі», «Дарига қыз», «Құсайын қиссасы», «Зарқұм», «Бозторғай», «Хамра», «Сақ-қылжамал», «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Тахир-Зухра», «Жүсіп-Зылиха», «Жұм-Жұма», «Ләйлі-Мәжнүн», «Асылбек-Гүлжахан», «Патшаның ұлы Әбдімәлік» секілді қисса-дастандар араб, парсы тілдерінен келген діни не махаббат мазмұны болды.

Діни түсінікті арттыруда бұндай қиссалар үлкен рөл атқарған. Балалар жастайынан «Алла би, Пайғамбар хақ, Құран шын» дегенді көкейінде жаттап есті. Ислам дінінің артықшылықтары мен сауаптарын, ел ішінде жарапазан айтумен де насихаттап отырған. Өйткені жарапазан өлеңінің негізгі мазмұны ғибрат, тағылым, әдеп, тәлім, өнеге, адалдық пен мейірімділік, адамдардың бір-бірімен бауырмалдығына, сыйластығына негізделген. Ауыл-ауыл үй-үйді аралаған жарапазаншылар ораз устас, ауыз бекіткен кісілерді құттықтаған, ізгі тілектер тілеген, мұсылманшылықты берік ұстану жөнінде насихаттық мәні зор өсиеттер айтқан.

Қазақ халқында Құран-кәрімге деген ерекше құрмет сақталды. Ол қазақ мәдениетінің, өмір салтының көркем сипатын аңғартты. «Оларда құранмен берілген ант ерекше бағаланады» деп жазады орыс авторлары. Той, жиындардың барлығы да діндар қариялардың Құран оқуымен ерекшеленді. Дастарқан басында дәмді батамен бастап, батамен аяқтаудың өзі салтқа сіңісіп кетті.

Жарқын жобалар жүзеге асқан

Ауданда жарқын жобалар қолға алынып, қарқынды даму жолына түскен ауылдың бірі – Аққұм. Қажеттілігіне қарай ауылдағы өзекті мәселелер шешімін тауып, елді мекеннің еңсесін тіктеуге бағытталған бастамалар, яғни көшелер жөнделіп, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуда. Ауыл әкімі Алтынбек Асанбеков осы жылдың еншісінде де бірқатар жоба барын жасырмады.

10 көше күрделі жөндеуден өткен

Аққұм бұған дейін ат ізін салмаған ауыл емес. Тілшілік тіршілікпен келген сайын мұндағы ішкі көшелердің сапасы сын көтермейтінін аңғарғанбыз. Ал былтыр жергілікті тұрғындардың талап-тілегіне құлақ түріліп, ой-шұқыры көп орталық көшелердің сапасының жақсарғанын көрдік.

Соңғы жылдары Аққұмда жол құрылысы қарқын алып, елдің талап-тілегі орындалды. Ауылдың ішкі көшелерінің жалпы ұзындығы 14 шақырымды құраса, былтыр ауылдық округте 10 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Жобаның жалпы құны – 457,1 млн теңге.



Елді мекенде демеушілер есебінен де ауылды абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарқын алған. Биыл «Жасталап» шаруа қожалығының төрағасы Кенжехан Жадиловтың демеушілігімен Бейбітшілік көшесінің бойындағы 750 метр жер қоршалып, гүл және жеміс ағаштарын егу жұмыстары жүргізілді. Кәсіпкер бұл мақсатқа 2,8 млн теңге бөлген. Сонымен қатар мектептің 20 жылдық түлектері «Тайман қарим» мешітіне 2 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізген.

Мұнан бөлек Меңлікара Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға «Бірлік-А» шаруа қожалығы 1,3 млн теңгеге жарықтандыружұмыстарынжүргізді. 1968 жылғы ауыл азаматтары Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын адал өтеп келген ардагерлерге арнап аллея ашты.

Елді мекенді аббаттандыру мақсатында мемелкеттік бағдарламалармен де ілкімді жобалар жүзеге асқан. Мәселен, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 2,2 млн теңгеге Қалыбай Бекенов көшесіндегі түнгі жарық шамдары ауыстырылды. Сондай-ақ Бейбітшілік және Б.Ақдаулетов көшелеріндегі бейнебақылау камералары жөнделіп, ауылшіліктің көшелердің жол белгілері жаңартылған. Жалпы ауылда айтарлықтай өзгеріс бар, мұның бәрі нәтижелі жұмыстың жемісі деп түйдік. Бірақ бұған тоқмейілсуге тағы болмайды.



Шаруа шираған

Негізінен елді мекен жұрты егін егу, мал өсіру, жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және оны өңдеумен айналысады.

тұрғыны тұрақты жұмыс тапқан.

Мемлекет басшысының бұған дейінгі 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру жөніндегі арнайы тапсырмасы бар. Ауыл әкімі Алтынбек Асанбеков осы бағытта нақты жұмыстар жүзеге асып жатқанын айтады. Мәселен, осыған дейін Аққұмда 10 жаңа жұмыс орны ашылған. Былтыр жұмыссыз ретінде 46 тұрғын тіркелсе, оның 12-сі тұрақты жұмысқа орналасып, 34 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған.

Ауылда жүзге жуық шағын және орта кәсіпкерлік нысаны бар. Бүгінде оның барлығы 100 пайыз тұрақты жұмыс жасап тұр. Жергілікті жұрт өсіп ашуда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр. Мәселен, ауылдық округ бойынша былтыр «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін 7 ауыл тұрғыны оқып, барлығы қайтарымсыз грантпен кәсіп ашқан. Кәсіпкерлер ауылда ірі қара шаруашылығын дамытуға басымдық берген. Ал «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 1 адам суармалы жерлердегі өсімдіктерді бүрку үшін квадрокоптер алуға қаржылай қолдауға ие болған. Жоба құны – 11,4 млн теңге.

Білім бәйгесінде
Бәсі биік ауыл мектебі

Елді мекендегі 420 орындық №38 орта мектеп 1929 жылы негізі қаланған, 1973 жылы жаңа ғимаратқа көшірілген. Кейін оған Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтың есімі берілген. Мектепке Еңбек Ерінің есімі берілген тұста ұрпақтары А.Бисеновтың атынан мұражай ашып, онда осы кісінің көзі тірісінде тұтынған заттарын, шапанын және портфелі де қойылған. 2012 жылы білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда онда балалардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған.

Бүгінде ауылдағы алтын ұяда 331 оқушы білім алады. Ондағы 58 мұғалімнің 96,5 пайызы – жоғары білімді маман. Биыл білім ошағын 19 оқушы бітіреді. Оның 10-ы ҰБТ-ға қатысады. Ал 29 бала 1-ші сыныпқа қабылданған. Ауылдағы алтын ұядан былтырғы оқу жылында 25 түлек түлеп, оның 14-і білім грантын жеңіп алған.

Мұнан бөлек ауылдық округте №7 «Шұғыла» балабақшасы жұмыс жасайды. 1975 жылы пайдалануға берілген нысан 120 балаға арналған. Қазіргі таңда 5 топ жұмыс жасап, онда 100 бала қамтылған. Бұл нысанда 40-қа жуық адам жұмыс істейді. Балабақша ғимаратына 2016 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 3 жыл бұрын тағы да ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Ауыл тұрғындарына 10 төсектік күндізгі стационарлық дәрігерлік емхана қызмет көрсетеді. Медициналық нысан 1975 жылы пайдалануға берілген Емханаға 4 жыл бұрын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, былтыр жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етілген.

«Coworking» орталығының
жұмысы жүйелі

Сондай-ақ 150 орындық ауылдық клуб ауыл тұрғындарына қызмет етеді. Мәдениет үйі 2012 жылы пайдалануға берілген. Онда 15 адам жұмыс істейді. Мәдениет ошағына 2022 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Қазір мұнда 5 үйірме тұрақты жұмыс жасап, ауыл балаларының бос

уақытын тиімді пайдалануда. Үйірмеге 78 бала қатысады. Олар былтыр республикалық 18 байқауға қатысып, 8 жүлделі орын, облыстық 6 байқаудан 3 жүлделі орын алып, аудандық 10 байқаудың 4-еуінен облысқа жолдама алып, 7-еуінен жүлделі орын иеленген.

Ауылдағы кітапханада 18 мың 762 кітап қоры бар. Кітапханада оқушылармен дөңгелек үстелдер, әңгімелесу өткізілдіп, ақын-жазушылардың мерейтойларына орай түрлі сайыстар ұйымдастырылып тұрады. Сондай-ақ ауылдық кітапханада «Coworking» орталығы жұмыс жасауда.

Салаға серпін берген
спорт кешені

Елді мекенде 1 спорт орталығы тұрғындарға қызмет көрсетеді. 2017 жылы салынған ғимарат 4 жыл бұрын қайта жабдықталып, ауыл спортының алға басыуына қолғабыс етуде. Қазіргі таңда онда ауыр атлетика, тоғызқұмалық, күрес үйірмелері жұмыс жасайды. Ауыл жастары мен тұрғындарын бұқарлық спортқа көптеп тартуда нақты шаралар қолға алынууда. Бұл бағытта ауылда арнайы екі спорт нұсқаушысы жұмыс жасап келеді.

«Бақдәулет-57» фермер қожалығының демеушілігімен салынған стандартқа сәйкес ат спортына арналған алаң бар. Ауыл жастары осы ат спортынан аудан құрамасының негізін құрап, жарыстарда аудан намысын қорғап, жүлделі орындар алып келеді. Ауыл ардагерлері аудандық ардагерлер спартакиадасына қатысып, жастарға үлгі көрсетуде.

2021 жылы «Бақдәулет» шаруа қожалығы ауылдағы «Береке» мейрамханасын 150 млн теңгеге қайта жабдықтау арқылы спорт орталығын ашып, жастардың спортпен айналысуына жағдай жасап отыр. Бұл нысан бүгінде салауатты өмір салтын ұстанған жергілікті халыққа қызмет көрсетіп тұр. Осыдан-ақ ауылдан шыққан азаматтардың туған жерін түлетуге қосқан еңбегі зор екенін аңғаруға болады. Ауыл балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған нысанда жыл санап чемпиондар қатары артып келеді. Аталған спорт орталығы түлектері облыстық және республикалық біріншіліктің жүлдегері, республикалық сайыстарда да жүлделі орындарға қол жеткізуде.

Ауылда ауызсу жүйесі мен электр желілеріне 2021-2022 жылдары қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Жергілікті жұрт тәулік бойы сапалы ауызсуға қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ барлық тұрғын үй су өлшегіш құралын қондырған. Ал елді мекенді осыған дейін аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында 1 сұтартқыш насос іске қосылған.

Биыл да ауылда ауқымды жобалар жүзеге асады. Ауыл әкімінің айтуынша, мектеп бітіргендеріне 20 жыл болған түлектер 2,5 млн теңгеге Желтоқсан мен Жастар көшесі қиылысынан балалар ойын алаңын салу жұмыстарын жүргізсе, жеке кәсіпкер Серік Бекенов Қ.Бекенов көшесінің бойына балалар ойын алаңын салады.

Жалпы Аққұмда былтыр бірқатар ауқымды іс атқарылған. Ауылды көркейту-көгалдандыру жұмыстары да тұрақты жүргізілуде. Бұл жұмыстар жалғасын тауып, елді мекен еңсесін тіктей түспек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Аққұм ауылында былтыр 7 ауыл тұрғыны мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грантқа ие болып, өз кәсібін бастаған. Солардың бірі – Гүлжайна Жамалова. Ауылға арнайылап атбасын бұрын келген соң, кәсіпкердің кәсібімен танысуды жөн көріп, ауласына аялдадық.

Кәсіптен береке тапқан



Барсақ, мемлекеттік бағдарламаның арқасында бүгінде кәсібін ұлғайтып, ризық-несібесін тауып отырған кәсіпкер келіншек күннің суығына қарамай, жолдасымен бірге қорада сиырларына жем-шөбін қамдап жатыр екен.

Кәсіпкер келіншек мал шаруашылығы бағытында, дәлірек айтқанда, сүт бағытында мал басын көбейту кәсібі негізінде былтыр 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз грант иеленген. Ол қаржыға 4 бас бұзаулы сиыр сатып алып қорасына қамаған. Кәсіпкеріміз оған дейін 2020 жылы көпбалалы ана ретінде 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие арқылы 1 млн 800 мың алып, 6 бас бұзаулы сиыр сатып алған.

Кәсіпкеркер келіншектің күнделікті жұмысы таңерте ерте тұрып, қорасындағы 7 сиырды сауу. Алған сүтті тұрғындарға бір күн сүттей, бір күн айран қылып ұйытып, одан қалды құрт пен қатық істеп сатады.

– Кәсіпті бастаудағы мақсатымыз – төрт түліктің басын көбейтіп, сол арқыыл ет, сүт өнімдерін өндіру. Ауылда сүт өнімдеріне сұраныс жоғары. Сиырларды күніне бір мезгіл сауамын. 7 сиырдан 15 литр сүт алып отырмын. Ауыл тұрғындарын сүт, айран, құрт, қатық, сары маймен қамтамасыз етемін. Одан бөлек, көршілес ауылдар мен қаладан да арнайы тапсырыспен алатын тұрақты тұтынушыларым бар. Қыстың күні көбіне тұтынушылар сүзбе мен құрт сұрайды. Қолымнан келгенше ата-баба кәсібін жалғастыра беремін. Себебі Зеңгі баба түлігін өсіру ешқашан сұраныстан шықпай, үнемі өнім беретін кәсіп түрі, – дейді жас кәсіпкер Гүлжайна Талғатқызы.

Аққұмдық кәсіпкердің тыңдырымды тірлігін көріп, ата кәсіпті жандандырған отбасыға дән риза болдық. Бала-шағасының несібесін төрт түліктен айырып, қанатын кеңге жаюды көздеген оның бүгінде мақсаты айқын.

Әңгіме барысында алғашқыда кәсіп бастауға қорқып, жүрексінгенін жасырмаған ол кейін кәсібі алға басқанда қорқынышы сөйліп, одан әрі дамытуға деген құлшынысы арта түскенін айтты. Кейіпкеріміздің өзі ауылдың қызы болғандықтан кішкентайынан малға қарап ескендіктен, ата кәсіпті қолға алу аса қиындық туғызбаған. Оған бүгінде ержеткен ұлдары мен жолдасы жәрдем беруде.

– Мен Гүлжайнаның тұрақты тұтынушысымын. Күнделікті балғын күйде қою сүтімен ара-тұра сары май, құрт алып тұрамын. Ешқандай қоспасыз, таза істейтіндіктен Гүлжайнаның өнімі отбасымызға қатты ұнайды. Бағасы да қалтаға қонымды. Жыл он екі ай бойы сүтін, қыста құртың жазда айранын алып тұрамын. Сырттан жақын ағайындарымыз ауылға келеміз десе, ауылдың дәмін сағынған болар деп, Гүлжайнаға молырақ құрт пен сары майға тапсырыс беріп, ағайындарымызға беріп жіберуді әдетке айналдырғанбыз, – дейді ауыл тұрғыны Мақпал Зарлықова.

Иә, тұрақты тұтынушы Гүлжайна кәсіп басталғалы дүкеннің сүтін ішуді қойғанын айтады. Оның қолынан шыққан өнімдерін жалпай ауыл тұрғындары сатып алатындықтан, алдын ала тапсырыс беруге келіп тұр екен.

Кішкентай көзінен ата-анасының жанында жүріп еңбекке ерте араласқан кәсіпкеркеліншек алдағы уақытта да мал басын көбейтуді көздеп отыр. Оның бар жоспары келешекте сүт және сүт өнімдерін шығаратын шаруашылық құру. Балаларының жарқын болашағы үшін бойында қиш-куат пен жегірі бар да ерінбей еңбек етіп, кәсібінің кірісін арттыру. Бүгінде 6 бала тәрбиелеп отырған көпбалалы анның балаларының жарқын болашағы мен отбасының қамы үшін жасап жатқан бүгінгі тірлігі көпке үлгі екені рас.

– Кәсіпті әркім әртүрлі ниетпен бастайды. Біреу тез байып ктесем екен дейді. Ал кейбіреуі жұрттың тапқан табысына қызығып бет бұрады. Менің ойымша бұл кәсіппен малды жақсы көретін адам айналысқаны жөн. Ал менің бұл салаға келудегі басты мақсатым – атакәсіпті жалғастыра отырып, балаларыма табиғи өнім ұсыну. Сондай-ақ екі қолға, бір күрек таппай отырған жандар мен ауылда жұмыс жоқ деп қалаға сарпылған жастарға үлгі болу. Кез келген адам кәсібіне адал болып, еңбектенген де ғана мақсатына жетеді, – дейді кәсіпкер келіншек.

«Өрекетке – берекет» демеушісі, бүгінде кәсіпкер келіншек қораға 15 сиры жинап үлгерген. Ол малға керекті жем-шөпті көбінен ауыл тұрғындарынан ара-тұра қаладан да алдырып тұратынын айтады. Айтуынша жыл сайын малдың азығы қымбаттауда. Әйтсе де кейіпкеріміз бұл кедергіге еңсесін түсірмей, кәсібінің жұмысын ширатып, табыс тайказанын арттыруда. Ата кәсіпті жандандырып, тындырымды тірлік істеп отқан Гүлжайнаның кәсібі осындай.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2850 Тапсырыс №364
--	---	---	--	--